

30 қараша,
Сейсенбі,
2021 жыл.

uil-gazet@mail.ru

ЕЛБАСЫ Н.Ә.НАЗАРБАЕВТЫҢ «ЕЛДІКТІҢ ЖЕТІ ТҰҒЫРЫ» АТТЫ ҚАҒИДАТТАР ЖИЫНТЫҒЫ



**NUR OTAN PARTIЯCЫ CЯCИ
KEңECИHИH KEHETИTЛГEH OTЫ-
PЫCЫHDA EЛБACЫ HYPCYЛTAH
HAЗAPBAEВ «EЛДІKTIH ЖETІ TҒЫ-
PЫPЫ» ATТЫ ҚAҒИДАТТАP ЖИЫH-
TЫҒЫH TAHЫCTЫPДЫ.**

Құрметті отандастар!

Біз Тәуелсіздіктің отыз жылдығын айтулы жетістіктермен қарсы алып отырмыз.

Қуатты елге айналып, бірлігі бекем қоғам құрдық.

Сындарлы саясат жүргізіп, әлеуеті зор нарықтық экономикалық жүйе қалыптастырдық.

Ең бастысы, бабаларымыз ғасырлар бойы аңсап өткен Тәуелсіздікке қол жеткізіп, елдігіміз қайта жаңғырды. Әлем картасында Қазақстан деген егемен елдің ойып тұрып орын алуы үшін аянбай еңбек еттік.

Ендігі кезекте осы жетістігімізді еселеп арттыру ел ынтымағы мен тұтастығына байланысты.

Отыз жылда 9,5 миллионнан астам сәби дүниеге келді.

Олардың алдының шебі орда бұзар отызға толып отыр.

Бұл – көзі ашық, көкірегі ояу, санасы азат, ойы озық жаңа буын.

Мемлекеттілікті сақтап, Қазақстанды «**Мәңгілік Ел**» ету осы ұрпаққа жүктелетін тарихи миссия деп санаймын.

Осы орайда, жаңа дәуірдегі қазақстандықтарға бағдар болатын «**Елдіктің жеті тұғыры**» атты қағидаттар жиынтығын ұсынамын.

Бұл – отыз жылдық белесті елмен бірге өткерген **Елбасы ретіндегі менің жас ұрпаққа жолдар үндеуім** деп қабылданыңдар.

Бірінші. Тәуелсіздік – кез-келген азамат үшін ең қастерлі құндылық.

Тамыры терең тарихымызға құрметпен қарап, мемлекеттілігімізді қадірлеу, оны көздің қарашығындай қорғау – әрбір қазақстандықтың міндеті.

Жер жүзінде өз алдына дербестігі жоқ қанша ұлт пен ұлыстың барын ескерсек, еселі еңбекке арналған отыз жыл ұлт тарихында алтын өріппен жазылары анық.

Әлемде көлемі жағынан 9-шы орын алатын байтақ атырапты еншілеу Жаратқанның халқымызға берген баға жетпес нәсібісі деп білеміз.

Қазақтың барша арман-мақсатының орындалуы тек Тәуелсіз мемлекет, дербес ұлт жағдайында ғана мүмкін екенін ұмытпауымыз керек.

Тәуелсіздікті нығайту – экономика- ны нығайту.

Бұл барша халықтың еңбегімен келеді.

Сондықтан жас ұрпақ ел игілігі үшін әрдайым еңбек етуге дайын болуы қажет.

Екінші. Бірлік пен келісім – елдігіміздің мызғымас тұғыры.

Этникалық әралуандық – біртұтас ұлт ретінде қалыптасқан халқымыздың артықшылығы.

Бүгінде бірлік пен этносаралық татулықты сақтау жолында отыз жыл бойы жүргізген сындарлы саясаттың жемісін көріп отырмыз.

Бір шаңырақтың астында тату-тәтті ғұмыр кешіп, татулық пен сыйластық- ты қамтамасыз етуде Қазақстан халқы Ассамблеясының әлеуеті зор.

Конституцияны қастерлеу, мемлекеттік тілді білу, ұлттық құндылықтарды қадірлеу – әр азаматтың парызы.

Бірлігімізді арттырып, ынтымағымызды күшейтсек қана елдігіміз нығайып, егемендігіміз баянды болады.

Үшінші. Жер – ата-баба мұрасы, халық қазынасы.

Жерден қасиетті ешнәрсе жоқ.

Қазақ үшін ел мен жер – тұтас ұғым.

Тарихымыздағы соғыс атаулының бәрі ел мен жерді қорғау үшін болған.

Біз Тәуелсіздікті жариялай салысымен шекарамызды құжат жүзінде бекітіп алуға күш жұмсадық.

Адамзат тарихында, тіпті қазіргі кезеңде де даулы территорияның соғысқа, қантөгіске алып келгенін көріп отырмыз (*Таулы Қарабақ, Қырмы, Грузия және т.б.*).

Мен өскелең ұрпақты осындай қауіптен сақтап қалу үшін барымды салдым.

Енді ата-баба аманатына адал болып, ұлан-ғайыр жерімізді қорғау, оны болашақ ұрпаққа мирас ету – біздің ортақ борышымыз.

Төртінші. Отбасы мен салт-дәстүр – қоғамның алтын дінгеі.

Отанға деген сүйіспеншілік – өз отбасыңа, ауыл-аймағыңа, еліңе деген махаббат пен жанашырлықтан басталады.

Отбасы – ұрпақ тәрбиесінің ұстаха-

насы, қоғамдық қатынастардың бастауы саналатын бірегей институт.

Жаһандану үдерісі тұрмысымыз бен салт-санамызға өзгеріс әкелгенмен, ғасырлар бойы қалыптасқан құндылықтардан бас тартуға болмайды.

Қай кезеңде де біз үлкенге – ізет, кішіге – құрмет көрсетуді дәріптейтін ата дәстүрімізді берік ұстануымыз қажет.

Отбасы институты әлсіреп, салт-дәстүріміз ұмытылса, ел болып қалуымыз екіталай.

Сол үшін дәстүрдің озығын алып, тозығын тастап, елдік болмыстың өзегін сақтай білуіміз керек.

Сонда ғана саналы ұрпақ тәрбиелейміз.

Бесінші. Ұлттық мәдениет – халықтың рухани тірегі.

Біз – тамыры тереңнен бастау алатын ұлы көшпенділердің ұрпағымыз. Болмысы ерекше, рухани-мәдени мұраларға бай халықпыз.

Қазіргі таңда жаһандық бәсекеге қабілетті болу үшін бірегей ұлттық мінез, асқақ рух керек.

Мұндай қасиеттер тарихты білу, мәдени құндылықтарды тану арқылы келеді.

Өркениетті отыз елдің қатарына қосылуда материалдық құндылықтармен қатар, рухани байлықтың маңызы зор.

Сол үшін мәдениетімізді зерделеп, өзге жұртқа насихаттай білген абзал. Басқа халықтарды тек өнер күдіретімен, ғылыми ізденіспен ғана мойындата аламыз.

Алтыншы. Білім мен еңбек – бақуатты өмірдің кілті.

«Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, еңбегің мен ақылың екі жақтап» деп дана Абай айтқандай, біз тек өз біліміміз бен күшімізге сенуіміз керек.

Елімізде талантты өрі дарынды, алғыр да өжет жастар жетерлік.

Әлемнің алпауыт компанияларында жұмыс істейтін, халықаралық деңгейде ғылыми жаңалық ашқан, түрлі салада еңбегімен танылып жүрген жалаңды жастарды көргенде ерекше қуанамын.

Бұл – біздің үмітіміздің ақталғаны.

Мен жалпыға ортақ еңбек қоғамын құру туралы идеямда оның бес принципі – **эволюциялық даму, ортақ жауапкершілік, өзара серіктестік, ынталандыру мен кәсібилікке**

ұмтылуды атап көрсеттім.

Онсыз кез келген қоғам көштің соңында қалуы мүмкін.

Ендеше, табыстың кілті үздіксіз білім алу мен тынымсыз еңбек етуде.

Адал еңбек қана адамды мұратына жеткізеді.

Осыны жастардың санасына сіңіру қажет.

Жетінші. Прагматизм – бәсекеге қабілетті болудың көпірі.

Біз қолда бар ресурс пен мүмкіндікті пайдалануға, нәтижелі жұмыс атқаруға және көздеген мақсатқа тиімді қол жеткізуге тырысуымыз керек.

Қазір елімізде жастардың өзін-өзі дамытуына, білімін жетілдіріп, сүйікті ісімен айналысуына мүмкіндік мол. Сондықтан прагматизм принциптері бойынша барынша қанағатшыл, үнеміл, ұстамды болып, уақытты орынды пайдалануға талпынған жөн.

Осылайша біз Тәуелсіздігімізді баянды етіп, ел тұтастығын сақтап, отбасылық құндылықтарды жаңғыртып, ұлт мәдениетін насихаттап, терең білім мен адал еңбекке ден қойған жасампаз ел боламыз. Елдіктің жеті тұғыры дегеніміз – осы!

Ардақты ағайын!

Алдағы 30 жыл – елдігімізді нығайтудың жаңа кезеңі болары хақ.

Ол әр азамат ұлтымыздың болашағы үшін жауапкершілікті өз мойнына алып, оны толық сезіне білген кезде жүзеге асады.

Елдің еңірі саяси партиясы ретінде «Nur Otan» осы бағытта атқарылар істердің алдыңғы шебінде болуы керек.

Осындай игі жұмыстың басы-қасында жүру – билеуші партияның ұзақ мерзімді көшбасшылығының көпірі.

Ендігі кезекте осы мерейлі күнге жеткізген, ырысымызды арттырған Жаратқанға шүкіршілік етіп, ертеңге сенімді қадам басу қажет.

Рухымызды қайрап, еңсемізді тіктеп, бұдан да биік асуларға жету үшін және Тәуелсіз Қазақстанның жарқын болашағы жолында тынбай жұмыс істеуге тиіспіз!

Біз кез келген сынақтан сүрінбей өтіп, жеңіске бірге жетеміз! Тәуелсіздігіміздің отыз жылдық белесі құтты болсын!

Біз біргеміз!



Құрметті ойыпқықтар!

Сіздергі 1 желтоқсан – Қазақстан Республикасы Тңғыш Президенті күні мерекесімен шын жүректен құттықтауымыз!

Бұл күн – барша отандастарымызды ынтымақ пен бірлікке бастауытын күн Қазақстан мемлекеттілігінің негізін қалаушы – еліміздің Тңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың жан-жақты саралаған ішкі және сыртқы саясатының арқасында еліміз қамуының іңгерілеу мен өркендеу жолымен келеді. Қазақта: «Тарихты тңғалап жасайды», - деген сөз бар. Әр ұлттың өзінің тарихын қапыптастырған ұлы тңғалап болады. Олар қаншама уақыт өтсе, сол ұлттың қанасы ретінде санаға бекіп, азаматтың ортақ азаматына айналады. Бұл ретте, егемен Қазақстанның негізін салушы және нығайтушы тарихи миссиясы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа тиесілі. Тәуелсіз мемлекеттің негізін қалаушы Елбасы барша қазақстандық мойынқазан және халықаралық қоғамдастық тарапынан құрметке ие болған кемеңгер тңға.

Қазіргі жерлестер!

1 желтоқсан – біздің тарихымыздың жаңа ақ парағы ашылған күн. Тәуелсіздікті тңғырыған қонқыраған елді ерлікке жеткізген Ұлт Кеңесшысы осыған 30 жыл бұрын 1 желтоқсанда ел тізгінін ұстады. Осы күні президенттік институтқа қадам бастық. Тңғыш Президенттің бастамапарына қолғау жасау отырып, еліміз көп еуікті бағындырды. Мемлекетіміздің әлем елдері арасындағы абыройы уақыт санап артып келеді. Мңның барлығы да еліміз тәуелсіздігімізді тңғырғы ету жолындағы Тңғыш Президентіміз – Елбасының еселі еңбегінің, көзген жасампаздығының жемісі.

Осынау ел халқының бірлігі мен берекесін құлықтап, мемлекеттің мерейін асыратын мереке күні Сіздерге зор ғенсаулық, отбасыларыңызға бақ пен береке, шаңырақтарыңызға шаттық тілеуіміз!

**Ізсі тілекпен аудан әкімі
Асқар Қайырғалиұлы Қазыбаев**

«ЖЕТІ» САНЫ - ҚАЗАҚ ҮШІН КИЕЛІ ҰҒЫМ!

Еліміздегі жетекші саяси ұйымы «Nur Otan» партиясының Саяси Кеңесінің отырысында Елбасымыз, ҚР Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев «Елдіктің жеті тұғыры» атты қағидаттар жиынтығын ұсынды. Бұл маңызды құжат еліміздің рухани дамуына өзінің бағытын береді.

Тәуелсіздік, бірлік пен келісім, жер, отбасы мен салт-дәстүр, ұлттық мәдениет, білім мен еңбек, прагматизм деп 7 түрлі бағытта бөлінген әр тұғырдың идеологиялық мәні зор, келешекке бағдаршам болар.

7 тұғырды негізге ала отырып, бәсекеге қабілетті қоғамда, технология дамып жарысып жатқан заманда жас буын өкілдері артта қалмауы парыз, ол ел келешегі үшін маңызды. Қағидаттар жиынтығы бірінші кезекте өскелең ұрпаққа арналған. Осы ретте, мемлекетті нығайтып, айбынды елге айналдыру жолында әр жас азамат тынымсыз еңбек етуі қажет. Елім десе жүрегі соғатын, Қазақстаным десе жанын беретін жастарда үлкен миссия, сүрінбеуі қажет, себебі олар ел болашағының жарқын көпірі.

Партия лидері Н.Назарбаев аталған құжат арқылы Тәуелсіздіктің негізгі жеті тұғырын тайға таңба басқандай анық көрсетіп берді. Ендігі кезекте бүгінгі бағытымыз арқылы ертеңгі күнге үлгі болсын деп ел дамуына үлес қоса берейік!

**Исағали ТӘЖІБАЕВ,
Еңбек ардагері.**

ДАМУ МЕН ЖАҢҒЫРУДЫҢ СИМВОЛЫ

Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Елдіктің жеті тұғыры» атты қағидаттар жиынтығы қоғамда қызу талқыланып жатыр. Саясаткерлер мен қоғам белсенділері бұл құжаттың аса маңызды рөл атқаратынын жарыса айтуда.

Елбасы атаған жеті тұғыр еліміздің тұрақтылығын одан өрі нығайтатынына сенімді. Елбасының әр шешімі маңызды.

Елімізді аяғынан нық тұрғызып, сарабал саясат жүргізу үлкен жұмыс. Бұл бағытта ауқымды жұмыстар жүргізілді. Елбасының көрегендігінің арқасында Қазақ елі дамудың даңғыл жолына түсті. Бұның барлығы елдегі дұрыс саясаттың жемісі - деп білемін. «Елдіктің жеті тұғыры» бірлік пен татулықтың, даму мен жаңғырудың символы. Өйткені, бұл құжат еліміздің бірлігін бекемдеп, ынтымағын нығайтады.

Бұл құжат Тәуке ханның «7 жарғысы», Қасым ханның қасқа жолы секілді ежелден келе жатқан тарихи құжаттардың жалғасы іспеттес. Әр құжаттың өз маңызы бар. Сондықтан жеті қағидатта еліміздің Тәуелсіздігін нығайтуда үлкен рөл атқарады деп ойлаймын. Еліміздегі басты құндылық адам және оның еркіндігі. Бұл құжат осыны бекемдей түсесіне бек сенімдімін.

**Мұрат ӘЛЖАНОВ,
«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы
КЕ АҚ Ақтөбе облысы филиалының әлеуметтік қамтамасыз
ету бойынша Ойыл аудандық бөлімінің басшысы.**

ЕЛДІКТІҢ ТҰҒЫРЫ БЕРІК БОЛСЫН!

17 ғасырдағы қазақ қоғамының дамуында мықты билік пен бірлікті қамтамасыз ете алатын дәстүрлі өдеп-ғұрып заңдарының жинағын Төке ханның **ЖЕТІ ЖАРҒЫСЫ** деп атағанын тарихтан білеміз.

Жалпы қазақ халқы, қадым заманнан бері таным-түсінігіне, қасиет-кесіне, салт- санасына 7 санын арқау еткен.

Бағамдап отырсақ, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Тәуелсіз Қазақстанды қалыптастыру жылдарында қазақ халқына жолдаған саяси маңызды құжаттарында осы жеті санының киесіне иек артып, 7 басымдықтан тұратын «Қазақстан – 2030: Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы», «Қазақстан-2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағы-

ты» атты Жолдауларын, «Ұлы дала-ның жеті қыры» атты саяси мақаласын жариялаған болатын.

Енді міне, 23 қарашада өткен «Nur Otan» партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында Елбасы «**ЕЛДІКТІҢ ЖЕТІ ТҰҒЫРЫ**» атты қағидаттар жиынтығын ұсынды.

Ия, кешегі мен бүгінгі күнді салыстыруға келмейді! Әлемдік жаһандану үдерісі жаңа сын-қатерлерді, саяси текетірестерді, геосаяси жағдайдағы шиеленістерді тудырумен қоса, өлемдік пандемия адамзаттың өмір сүру қалпын түбегейлі өзгерістерге алып келіп жатыр.

«Тұғырың берік болсын, Туың жығылмасын!» деп жатады батагөй қариялар...

Елдік тұғырының бекемдігі- ертеңгі жарқын болашағымыздың көпірі.

Ендеше, Елбасының ЖЕТІ ТҰҒЫРЛЫ қағидаттарын жоғарыда келтірілген өлемдік даму көшінде сын-қатерлерге төтеп беретін қауқарлы құрал деп түсінуіміз қажет.

Төбемізге көтерген ТӘУЕЛСІЗ-ДІГІМІЗ-қастерлі құндылығымыз. Сол тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын!

«Алтауы-ала болмай, төртеуі түгел» болмақ БІРЛІК ПЕН КЕЛІСІМ-елдік нышаны. Сол елдігіміз ғұмырлы болсын!

«Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен» қорғап қалған, Алтайдан Атырауға, Алатаудан-Арқаға дейін кең көсілген БАЙТАҚ ЖЕРІМІЗ - ата-баба аманаты. Шегенделген шекарамыздың іргесі мығым болсын!

Отбасы құндылығы мен салт-дәстүріміз - бабадан мұра АЛТЫН ДІНГЕГІМІЗ! Дінгегіміз шайқалмасын!

НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ: ПАРТИЯНЫ ЕЛ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ БАСҚАРУЫ МАҢЫЗДЫ

ӨТКЕН АПТАДА ЕЛОРДАДА ТҰҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ – ЕЛБАСЫ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН NUR OTAN ПАРТИЯСЫ САЯСИ КЕҢЕСІНІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫ ӨТТІ. КЕҢЕС БАРЫСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРДЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ МЕН ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНА НЕПІЗ БОЛАТЫН ПАРТИЯНЫҢ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ КӨШБАСШЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МАҢЫЗДЫ ЕКЕНІНЕ НАЗАР АУДАРЫЛДЫ. СОНДАЙ-АҚ ПАРТИЯНЫ ЕЛ ПРЕЗИДЕНТІ БАСҚАРЫП, ОНЫҢ САЯСАТЫ МЕН СТРАТЕГИЯСЫН ӨЗІ АЙҚЫНДАП ОТЫРУЫ ҚАЖЕТ ЕКЕНІ АТАП КӨРСЕТІЛДІ.



Еліміздегі жетекші саяси партия – Nur Otan-ның ауқымды мәселелер қаралған Саяси кеңесінің отырысы бейнеконференция байланысы режимінде үйымдастырылды. Алқалы жиынға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев, Премьер-Министр мен Үкімет мүшелері, Nur Otan партиясының Саяси кеңесі мен Бюро мүшелері, Парламент Мәжілісіндегі және мәслихаттардағы партия фракциясының депутаттары, өңір басшылары, Jas Otan жастар қанатының көшбасшылары қатысты.

Жиынды ашқан Елбасы тәуелсіздік жылдарында қалыптасқан көппартиялық жүйе елділіміздің тірегіне айналғанын, осы орайда Nur Otan партиясының саяси салмағы басым екенін айта келіп, отыз жыл ішіндегі еліміздің даму жетістіктеріне тоқталды. Мұның барлығы бірлесе атқарылған жұмыстың, маңызды мемлекеттік шешімдер мен батыл реформалардың жемісі екенін атап өтті.

«Біз еліміздің партиялық-саяси жүйесін біртіндеп өрі жан-жақты саралай отырып дамыттық. Барлық бастамаларымыз сияқты бұл мәселеге де ішкі дайындықпен келдік. Жүйесіз реформалар халықтың демократияға деген сенімін жоғалтып, түрлі шиеленістер тудырған және территориядан айырған жағдайлар тарихта аз емес. Тәуелсіздікті сақтау және мемлекеттілікті нығайту – біздің болашақ ұрпақ алдындағы парызымыз». Сондықтан Nur Otan партиясы тұрақтылық пен татулыққа, әлеуметтік-экономикалық прагматизмге, орнықты дамуға негізделген және тұтас қоғамның мүддесіне сай келетін саясат жүргізуде», — деді.

Қазақстанның тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев был тарихымызда алғаш рет заң шығарушы және өкілдік органдарға сайлау пропорционалды жүйе бойынша өткенін айта келіп, «Сондай-ақ ауыл өкімдерін тікелей сайлау тәжірибесі енгізілді. Бұл қадамдардың бәрі елдегі партиялар арасында бөсекені күшейтіп, олардың жауапкершілігі мен есептілігін арттыра түсті», — деді.

Елбасы Премьер-Министр мен Парламент Мәжілісі Төрағасының баяндамаларынан соң биліктің атқарушы және заң шығарушы тармағы партияның сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыруда үйлесімді жұмыс істегенін ерекше атап өтті.

Нұрсұлтан Назарбаев мемлекетіміздің алдында тұрған сын-қатерлерге, сондай-ақ партияның келешек стратегиялық мақсаттарына, міндеттеріне жан-жақты тоқталды.

«Қазақстан тәуелсіздіктің төртінші онжылдығына қадам басуда. Бұл ауқымды өзгерістерге, қиын да жауапты шешімдерге толы кезең болары анық. Қазірдің өзінде пандемияның тоқтату қиынға соғуда. Бүгінде ауқымды өзгерістер болып жатыр. Оған ақпараттық технологиялар мен жасыл энергетиканың қарқынды енгізілуі де өсер етуде», — деді Елбасы.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті адамзат алдында тұрған бірқатар сын-қатерді атап өтті. Соның ішінде жаңа пандемияларға қарсы күреске, экологиялық проблемалар мен жаһандық жылынудың теріс өсерінің күшеюіне, өлемдік экономиканың өзгеруіне, арай елдердің бөсекеге қабілеттілігінің төмендеуіне, геосаяси шиеленістің өршуіне, сондай-ақ қоғамдық пікір мен құндылықтардың күрт өзгеруінен саяси алауыздық белең алатынына назар аударды.

«Жаһандық тұрақсыздық ұзаққа созылуы мүмкін. Осы орайда партияның соңғы парламент сайлауындағы «Қиындықты еңсеріп, жеңіске бірге жетеміз!» деген ұранының өзектілігі арта түсуде. Біз бүкіл қоғамның мүддесін қорғайтын центристік ұстанымды сақтауымыз қажет екенін тағы да атап өткім келіп отыр. Партияның міндеті – халықты бөліп-жару емес, біріктіру», — деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Елбасы Н.Назарбаев партия фракциясы депутаттарының пандемия кезіндегі тиімді жұмысына тоқталып, барша қазақстандықтар Президентің мемлекеттік бағдарын қолдап, соның аясында жұмылуы маңызды екеніне баса мән берді.

«Мен партиямыздың негізін қалап, оған осы жылдар ішінде басылық

еттім. Nur Otan партиясын ел Президенті басқарып, оның саясаты мен стратегиясын өзі айқындап отыруы маңызды екенін жақсы білемін. Бұған дейін де солай болды. Біз партия Жарғысына сүйене отырып, шешім қабылдауымыз керек. Бұл – біздің бірлігімізді көрсететін қадам», —деді Қазақстанның тұңғыш Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев мемлекеттік бағдардың сабақтастығы мен тұрақтылығына негіз болатын партияның ұзақ мерзімді көшбасшылығын қамтамасыз ету маңызды екеніне назар аударды. Елбасы атап өткендей, ол үшін Nur Otan партиясы үнемі жаңғырып отыруға, заман талабына сай өр өзгерістерге дайын болуға, халық мүддесін басылыққа алуға, алдына айқын мақсат қойып, оған жетудің нақты жолдарын табуға, билік органдарының, қоғамдық институттардың тиімді ықпалдастығын қамтамасыз етуге тиіс, сондай-ақ қоғамды партия құндылықтары төңірегіне біріктіруі керек.

Алқалы жиында тәуелсіздігімізді нығайтып, ел тұтастығын сақтап, отбасылық құндылықтарды қолдап, ұлттық мәдениетімізді насихаттап, төрен білім мен адал еңбекке ден қою арқылы жасампаз ел боламыз деген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Елдіктің жеті тұғыры» атты қағидаттар жиынтығын ұсынды.

«Отыз жылда 9,5 миллионнан астам сәби дүниеге келді. Олардың алдыңғы шебі орда бұзар отызға толып отыр. Бұл – көзі ашық, көкірегі ояу, санасы азат, ойы озық жаңа буын. Мемлекеттілікті сақтап, Қазақстанды «Мәңгілік ел» ету осы ұрпаққа жүктелетін тарихи миссия деп санаймын. Осы орайда жаңа дәуірдегі қазақстандықтарға бағдар болатын «Елдіктің жеті тұғыры» атты қағидаттар жиынтығын ұсынамын. Бұл – отыз жылдың белесті елмен бірге өткерген Елбасы ретіндегі менің жас ұрпаққа жолдар үндеуім деп қабылдаңыздар», — деген Нұрсұлтан Назарбаев «Елдіктің жеті тұғыры» қағидаттарына кененен тоқталды.

Елбасы аталған жеті тұғырдың ең біріншісі – басты құндылығымыз – Тәуелсіздік екенін атады. Тұңғыш Президент осы орайда «Әлемде көлемі жағынан 9-орын алатын байтақ атырапты еншілеу —Жаратқанның халқымызға берген баға жетпес несібесі деп білеміз», — деді.

Екінші тұғыр ретінде бірлік пен келісім атап көрсетілді. Елбасының айтуынша, «Этникалық әралуандық – біртұтас ұлт ретінде қалыптасқан халқымыздың артықшылығы. Бүгінде бірлік пен этносаралық татулықты сақтау жолында отыз жыл бойы жүргізген сындарлы саясаттың жемісін көріп отырмыз». Н.Назарбаев атап көрсеткендей, бірлігімізді арттырып, ынтымағымызды күшейтсек қана елдігіміз нығайып, егемендігіміз баянды болады.

Ата-баба мұрасы, халық қазынасы – ұлан-байтақ жеріміз елдігіміздің үшінші тұғыры ретінде аталды. «Жерден қасиетті ешнәрсе жоқ. Қазақ үшін ел мен жер – тұтас ұғым» деген Елбасы Тәуелсіздікті жариялай салысымен, шекаралық құжат жүзінде бекітіп алуға қол жеткізілгенін айта келіп, өзге мемлекеттердің арасындағы даулы территориялар соғысқа, қантөгіске апарып соғатынын еске салды. Н.Назарбаев атап көрсеткендей, ата-баба аманатына адал болып, ұлан-ғайыр жерімізді қорғау, оны болашақ ұрпаққа мирас ету – біздің ортақ борышымыз.

Елбасы отбасы мен салт-дәстүрлерімізді қоғамның алтын дінгегіне балап, оны төртінші тұғыр деп белгіледі. Шын мәнінде, Тұңғыш Президентіміз айтқандай, отбасы – ұрпақ тәрбиесінің ұстаханасы, қоғамдық қатынастардың бастауы саналатын бірегей институт. «Жаһандық үдеріс тұрмысымыз бен салт-санамызға өзгеріс әкелгенмен, насырлар бойы қалыптасқан құндылықтардан бас тартуға болмайды. Қай кезеңде де біз үлкенге – ізет, кішіге – құрмет көрсетуді дәріптейтін ата дәстүрімізді берік ұстануымыз қажет. Отбасы институты өлсіреп, салт-дәстүріміз ұмытылса, ел болып қалуымыз екіталай», — деді Н.Назарбаев.

Бесінші, алтыншы және жетінші тұғырлар ретінде халықтың рухани

тірегі – ұлттық мәдениет, бақуатты өмірдің кілті – білім мен еңбек және бөсекеге қабілетті болудың кепілі – прагматизм белгіленді.

Ұлттық мәдениетіміз тұрғысында сөз қозғаған Елбасы бұл орайда «Өркениетті отыз елдің қатарына қосылуда материалдық құндылықтармен қатар, рухани байлықтың маңызы зор. Сол үшін мәдениетімізді зерделеп, өзге жұртқа насихаттай білген абзал. Басқа халықтарды тек өнер құдіретімен, ғылыми ізденіспен ғана мойындата аламыз», —деді.

Ал білім мен еңбекті бақуатты өмірдің кілті деп атаған Елбасы дана Абайдың «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, еңбегің мен ақылың екі жақтап» деген сөзін мысалға келтіре отырып, «Еңдеше табыстың кілті – үздіксіз білім алу мен тынымсыз еңбек етуде. Адал еңбек қана адамды мұратына жеткізеді. Осыны жастардың санасына сіңіру қажет», —деді.

Прагматизм – бөсекеге қабілетті болудың кепілі екенін атап көрсеткен Н.Назарбаев бізге қолда бар мүмкіндікті пайдаланып, нәтижелі жұмыс атқару және көздеген мақсатқа тиімді қол жеткізу маңызды екеніне тоқталды. Осы орайда Елбасы қазір елімізде жастардың өзін-өзі дамытуына, білімін жетілдіруіне, сүйікті ісімен айналысуына мүмкіндік мол екенін, сондықтан прагматизм қағидаттары бойынша барынша қанағатшыл, үнемшіл, ұстамды болып, уақытты орынды пайдалануға талпынған жөн екенін айтты.

«Елдіктің жеті тұғырын» таныстыру барысында Елбасы халқымыздың тәуелсіздіктің отыз жылдығын айтулы жетістіктермен қарсы алып отырағанына, Қазақстан қуатты мемлекетке айналып, бірлігі бекем ел болғанымызға, сындарлы саясат жүргізіліп, өлеуеті зор нарықтық экономикалық жүйе қалыптастырғанымызға екіпін берді. Тұңғыш Президент сондай-ақ ата-бабаларымыз ғасырлар бойы аңсап өткен Тәуелсіздікке қол жеткізілгенін, елдігіміз қайта жаңғырғанын ең басты жетістік ретінде атады. Осы орайда Елбасы «Әлем картасында Қазақстан деген егемен елдің ойып тұрып орын алуы үшін аянбай еңбек еттік. Ендігі кезекте осы жетістігімізді еселеп арттыру ел ынтымағы мен тұтастығына байланысты», —деді.

Алқалы жиында Нұрсұлтан Назарбаев алдағы кезеңдер елдігімізді, мемлекеттілігімізді нығайтудың жаңа белесі болатынына сенім білдіре келіп, бұл өрбір азаматтың ұлтымыздың болашағына жауапкершілікпен қараған кезеңде жүзеге асатынын жеткізді. Осы орайда еліміздегі ең ірі, өлеуетті саяси партия ретінде Nur Otan-ның халқымыздың игілігі үшін қолға алынған істердің алдыңғы шебінде болуы керектігі баса айтылды.

Отырыстағы сөзінің соңында Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Ендігі кезекте осы мерейлі күнге жеткізген, ырсымызды арттырған Жаратқанға шүкіршілік етіп, ертеңге сенімді қадам басу қажет. Рухымызды қайрап, еңсемізді тіктеп, бұдан да биік асуларға жету үшін және тәуелсіз Қазақстанның жарқын болашағы жолында тынбай жұмыс істегеуіміз! Біз көз көрген сынақтан сүрінбей өтіп, жеңіске бірге жетеміз! Тәуелсіздігіміздің отыз жылдық белесі құтты болсын!» — деді.

Айта кетейік, отырыста Премьер-Министр, партия Саяси кеңесінің Бюро мүшесі А.Маминнің, Парламент Мәжілісінің Төрағасы, партия фракциясының басшысы Н.Нығматулиннің, Парламент Мәжілісінің депутаты, Nur Otan партиясы Өңірлік даму жөніндегі қоғамдық кеңесінің төрағасы Ю.Кучинскаяның, Nur Otan партиясы Шымкент қалалық филиалының төрағасы М.Өйтеновтың, Nur Otan партиясы Павлодар аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары, Nur Otan партиясының аудандық мәслихаттағы фракциясының басшысы, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі В.Гейнтің, Nur Otan партиясының мүшесі, Батыс Қазақстан облысы Берліт ауылдық округінің өкімі Ө.Зарифовтің баяндамалары тыңдалды.

Жолдыбай БАЗАР, «Egemen Qazaqstan».

ГАЗЕТ — ҚОҒАМНЫҢ ЖАРШЫСЫ

Газет оқу — зиялылықтың белгісі. Ахмет Байтұрсыновтың *«Газет — халықтың көзі, құлағы һәм тілі»* деген сөзі бүгін де өзектілігін жойған жоқ. Қазіргі таңда ақпарат алмасудың заманауи тәсілдері де көп. Қазір айтылған ақпарат көзді ашып-жұмғанша сол мезетте-ақ ғаламтор, түрлі сайттар мен әлеуметтік желілер арқылы өлемге тарап жатады. Бірақ газет оқу мәдениеті — қашанда талғамы жоғары оқырманның талабы. Шынайы ақпарат. Байыпты сараптама. Нақты тұжырым. Таңбаланған тарих. Секунд сайын жаңарып тұратын сайттардан газетті айрықшалап тұратын негізгі басымдық — осы. Газетке басылатын сөздің мағынасы зор, ықпалы ерекше. Ел азаматтарының ізгі істері, қоғамдағы өзекті мәселелер жайын газет бетінен табуға болады.

Қазіргі таңда облыста баспасөзге жазылу науқаны жүріп жатыр. Облыста шығатын басылымдар арқылы өңірдегі болып жатқан оқиғаларды, жаңалықтарды оқып, біліп отырамыз. Ғасырлық тарихы бар «Ақтөбе», «Актюбинский вестник» газеттері — облыстың барлық аумағына тарайтын өңірдің бас басылымдары, өңір өмірінің айнасы. Аталған басылымдардың еліміздің ақпарат кеңістігінде лайықты орны, өзіндік бедел-бедері бар, тек ақпарат көзі ғана емес, сонымен бірге халықтың қоғамдық пікірін қалыптастыруға ықпал ететін қуатты медиа-ресурс, билік пен халық арасындағы алтын көпір деп те бағалауға болады. Бұл газеттер Ақтөбе облысының өмірін кеңінен қамтып, жүргізіліп жатқан экономикалық және әлеуметтік реформаларды дамыту мен насихаттауға елеулі үлес қосып отыр. Газет бетінде қоғамдық өмірдің сан саласын бейнелейтін тақырыптар сындарлы жазылып келеді, яғни өңірдің тыныс-тіршілігі мен шежіресі деуге өбден болады.

Облыстың тыныс-тіршілігін, алған асулары мен жеткен жетістіктерін халыққа жүйелі жеткізші мазмұны байыған, ойы кемелденген басылымдар бетінде мәдени-рухани дүниелермен қатар, саяси, тарихи, танымдық мақалалар қатары көбейіп келеді. Ақтөбенің ресми басылымы ретінде, облыстың мәдени тыныс-тіршілігіне қатысты оқиғалардың барлығы газеттердің назарынан тыс қалмайды.

Сонымен қатар газеттер қоғамдағы түрлі проблемаларды назардан тыс қалдырмай, таныс-сіздіктерді шешуде белсенділік қалыптастырады.

Мысалы, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау мәселелері жөніндегі өңірлік комиссияның отырысында кезінде қуғын-сүргін құрбаны болған бір тарихи тұлғаны зерттеп, іздеу жұмыстары кезінде еш жерден мәлімет табылмаған болатын. Ешбір кітап бетінен, мұрағаттан ақпарат табылмайды. Тек аудандық газеттің сол кездердегі жарық көрген бір санында ғана мағлұмат бар екен. Сол аудандық газеттің бетінде жарияланған ақпарат осы уақытқа дейін сақталған. Осыған ұқсас тағы бір оқиға да осы



сөзімнің дәлелі болады. Осыдан 3-4 жыл бұрын облыстық «Ақтөбе» газетінің редакциясына көрші Қызылорда облысының Арал ауданында дүниеге келген қарт кісі келеді. Ол тылда еңбек еткенін дәлелдеу үшін құжаттар өзірлеп жүр екен. Өкінішке қарай, ол отбасы, жеке басына қатысты мәліметтерді растау үшін тиісті органдарға барып, куә болатын ешқандай адам таппаған. Кейін ол кісі облыстық басылымның тігінділерін ақтарып, өкешешесі туралы жазылған мақаланы тауып алады. Нәтижесінде құжаттарын дұрыстап, мәселесін шешеді. Бұл жерде газеттің басқа ақпарат құралдарынан басты артықшылығы — оның сенімділігі мен өміршеңдігіне.

Заман алға озып, әлеуметтік желі қаншалықты жедел дамығанымен, газет өз маңыздылығын жоймайтыны белгілі. Оған алып елдердегі газет оқу мәдениетін мысалға алсақ та жеткілікті. Жапонияның ұлттық басылымы — «Асахи симбун» газеті 10 миллион таралымымен Францияда күн сайын жүздеген мың таралымымен шығатын бірнеше басылым бар. Ал Қытайдың «Жэньминь жибао» газеті миллиондаған таралымымен күніне екі рет және бірнеше тілде жарыққа шығады. АҚШ-тың «New York Times» газеті 1851 жылдан бері үзіліссіз шығып келеді. Оны қызыға, асыға күтіп оқытын оқырманы жетерлік. Тіпті әлемдік БАҚ сол газеттен сілтеме жасау арқылы ақпараттар таратып жатады. Ал Ресейдің «Вечерняя Москва» басылымын халық баспадан шықпай жатып сатып алып кетеді. Бұл басылым 1923 жылдан бері шығып келеді. Аталған мысалдар бүгінгі күні озық технологияларды ойлап тауып, интернетпен барынша қамтылған елдердің өзінде өлі күнге дейін газеттің орны бөлек екенін дәлелдейді.

Газетті, тіпті радио мен телеарна ақпараттық сайттар да ығыстырып шығара алмайды. Технологияның дамыған заманында адамдардың руханиятын сақтап қалу үшін де газеттің рөлі зор. Газет — сауаттылық пен эстетиканың жаршысы. Тіл ұстартын, адамға тәрбие беруші құрал. Ал әлеуметтік желі тек ақпарат

берумен ғана шектеледі. Ғасырға жуық тарихи бар облыстық «Ақтөбе» газетін бүгінде ақтөбеліктер үзбей оқиды.

Газет бетінде жаңалықтардан бөлек, өңірдің тарихына байланысты мақалалар, белгілі тұлғалар туралы материалдар үздіксіз шығып тұрады. Ал басылымның ұзақ жылдардан бері ұстаздардың рухани дүниесін кеңейтіп, шығармашылығын шыңдап, білім саласындағы жаңашылдықтардан хабардар болып отыруына қосқан үлесі, тіпті орасан. Бүгінде бұл газетте облысымыздағы барлық жоғары, арнаулы, орта білім беретін оқу орындары ұжымдарының мақалалары, оқушылардың шығармалары жарық көреді. Сондықтан бөсекеге қабілетті және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген жас ұрпақты тәрбиелеуге мүдделі өрі оқу үдерісіндегі заманауи жаңалықтарды білуге ұмтылатын кез келген ұстаз бұл газетті оқуы керек. Сондай-ақ мәдениет, спорт, денсаулық сақтау саласында еңбек етіп жүрген ақтөбеліктер де бұл басылымның тұрақты оқырманы болуға тиіс. Себебі пандемия кезінде облыстық газеттер ақ халатты абзал жандардың ерлігі туралы жазып, өз кейіпкерлерінің адам жанына араша болуды релін, жанкешті еңбектерін жеткізе білді. Ал мәдениет және спорт саласы қызметкерлерінің, мемлекеттік қызметшілердің жүйелі түрде жасап жатқан жұмысын жеткізуде газеттің орны айрықша. Себебі өңірде ұйымдастырылып жатқан қоғамдық-саяси, мәдени-көпшілік іс-шаралар газеттің өрбір санынан тыс қалған емес. Сондықтан біз қашанда респубикалық, облыстық, аудандық газеттердің тұрақты оқырманы, жанашыры болуға тиіспіз.

Баспасөзге жазылу — ерікті. Бүгін оқырманды газетпен емес, газетті оқырманмен қамтамасыз ету қажеттілігі туған кезеңде сенімді өрі шынайы ақпарат алысы келгені, елінің ғана емес, өзінің де тағдырына бейжай қарай алмаған кез келген азаматтың газетке жазылуында қалыс қалмай-тыны анық.

Ләззат ОРАЗБАЕВА, облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы.

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ТАЛАБЫ



қолдап отырған латын әліпбиіне біздің де көшкеніміз дұрыс деп білеміз. Өйткені, денсаулық сақтау саласы бойынша қарастырылып болсақ, латын тілін оқуы тарихи дәрігерлердің лексикалық қорын байытамыз, шет тілінен енген жаңа сөздерді түсінугі мен айтуы жеңілдейді. Студенттер латын тіліндегі арнайы ұғымдармен медицина ғылымына алғаш қадам басқан сәттен кездеседі. Медицинада латын тілі анатомия мен фармакологияның халықаралық терминологиясы ретінде де, рецепт жазғанда да қолданылады. Латын тілін білуге өртүрлі мемлекет дәрігерлерінің бір-бірін қиындықсыз түсінуге мүмкіндік береді. Медицина саласында латынша терминологияны қолдану – дүниежүзі медиктерін біріктіретін өрі медицина білімін унификациялайтын фактор.

Жазу – өрбір халықтың рухани, мәдени өсуін, даму деңгейін көрсететін әлеуметтік мәнн зор құбылыс. Ол өткен мен бүгінді, бүгін мен келешекті жалғастыратын алтын көпір. Сондықтан жазу, алфавит адамзат тарихындағы құнды дүниелердің бірі ретінде қалыптасып келеді. Осы жазуымыз аға ұрпаққа білім беріп, оларды талай білімгерге жетеледі, қазақтың өдебиетін, мәдениетін, ғылымын көтереді, егеменді мемлекеттімізге де қызмет етіп келеді. Енді жағдай өзгерді, біз бұрынғыны қанағат етіп қана қалмай, алға ұмтылған, өлемдік дамыған озық елдердің қаңғайында ғана емес, алдыңғы дәуірден көрінуге мүмкіндігі мол егеменді Қазақ елі ретінде әліпбиіміз бен жазуымызға да мемлекеттік тіл дәрежесіндегі Қазақ тілін өлемге таныта алатындай жағдай жасауымыз қажет. Латын графикасы арқылы таңбаланған қазақ әліпбиі мен жазуы қазақ елін осы биіктерге бастайтынына көміл сенемін. Ел болашағы үшін қабылданғанды отырған қазақтардың шешімге қолдау көрсету, жақсыны үйренсекке ұмтылу жүрегі «елім» деп соққан өрбір қазақстандықтың абыройлы міндеті болмақ.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл», «Көз-қорқақ, қол-батыр», - деп дана халқымыз айтқандай, білекті сыба-нып, нық қадаммен алға басайық!

А.МАЙЛЫБАЕВА, Аудандық аурухананың саулауатты өмір салтын қалыптастыру маманы.

ӨРТ - ТІЛСІЗ ЖАУ ЕКЕНІН ЕСТЕН ШЫҒАРМАЙЫҚ!

Адам өміріне, қоршаған ортаға орасан шығын әкелетін өрт оқиғасы деп айтылып, жазылғанымен өліде болса немқұрайлықпен қараудамыз. Сондықтан, осы кезде өрт қауіпіне қарсы күрес жүргізіп оны болдырмаудың мүмкіндіктерін жасап отыруға тиіспіз. Ең басты мәселе адам өмірі мен мемлекеттің мүлкін өрттен қорғау болып табылады.

Өрт – тілсіз жау. Ол адамдарға қасірет әкеліп, материалдық шығындарға ұшыратады. Сондықтан да өрттен сақтану мәселесіне ер кез үлкен жауапкершілікпен және сергектікпен қарамаса ол опық жегізеді.

Мысалы: 2021-2022 жылдардағы от жағу маусымының өткен кезеңінде тұрғын үй секторында 2 өрт оқиғасы, ал 2020-2021 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 2 жағдайға, яғни бірқалыпты жағдайда тұр.

Өрттердің пайда болуына себеп болған:

- тұрғындардың от қолдану кезіндегі абайсыздығынан;
- тұрғын үйдегі электр желілерінің ақаулығы және пайдалану ережелерінің бұзылуы;

2020-2021 жылы өрттердің пайда болуына себеп болған:

- тұрғын үйдегі электр желілерінің ақаулығы және пайдалану ережелерінің бұзылуы;

- тұрғындардың от қолдану кезіндегі абайсыздығынан;

Будан көретініміз, өрттің пайда болу себебінің басым бөлігі адами фактордан, яғни, тұрғындармен от қолдану кезіндегі абайсыздығы және электр желілерінің ақаулығы және пайдалану ережелерінің бұзылуынан. Осыған байланысты, аудан тұрғындары мен қаңқатарынан төменде келтірілген өрт қауіпсіздігі мен ережелерін қатаң сақтау қажет екендігін ескертеміз!!!

1. Электр қондырғыларының барлық ток жүргізу бөліктері, тарату құрылғылары, аппараттары мен өлшеуіш аспаптары, сондай-ақ бөлгіш

Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

түріндегі сақтандыру құрылғылары, ажыратқыштары және барлық өзге де іске қосатын аппараттары мен аспаптары тек жанбайтын негізге (мрамор, текстолит, гетинакс) орнатылады.

2. Сымдар мен кәбілдердің талсымдарын жалғау, ұштау және тармақтау өртке қатысты қауіпті ауыспалы кедергілерді болдырмау үшін сығымдау, дөнекерлеу, балқытып біріктіру немесе арнайы қысқыштар көмегімен жүргізіледі.

3. Тұрғын үйлердің пөтерлері мен жатақханалардың тұрғын бөлмелерінде жарылыс, өрт қауіпті заттар мен материалдар қолданылатын және сақталатын өртүрлі шеберханалар мен қойма үй-жайларын орнатуға жол берілмейді.

4. Пөтерлер мен тұрғын бөлмелерінде төсекте темекі шегуге және плитада дайындалып жатқан тамақты бақылаусыз қалдыруға жол берілмейді.

5. Қоралар мен басқа да шаруашылық құрылыстардың шатырларына, электр жеткізу желілерінің астына және учаскенің сыртқы қоршауынан кемінде 3 метр қашықтықта шөп шошақтарын, шөмелелерді, ірі жемшөп маяларын, өзге де жанғыш заттар мен материалдарды жинауға жол берілмейді.

Көшелерде, жолдарда, аулалық учаскелерден тыс шөп шошақтарын, шөмелелерді, ірі жем-шөп маяларын орналастыруға жол берілмейді.

6. От жағу, қалдықтар мен ыдыстарды өртеу ғимараттар мен құрылыстардан 50 метр кем болатын арақашықтықта іске асыруға тыйым салынады.

Есіңізде болсын! Өрт кезінде салқынқандылық танытыңыз, өрт күзетін «101» немесе «112» телефонсы бойынша шақыртып, өзіңіз бен жақындарыңызды құтқару үшін қажетті шараларды қолданыңыз, өрт сөндірушілермен кездесуді ұйымдастырып, жану ошағына тез жетер жолды көрсетіңіз.

МЕДИАЦИЯ КАБИНЕТІ – МӘМІЛЕНІҢ МЕКЕНІ



Жуырда аудан орталығындағы халықтың қозғалысы көп, мемлекеттік қызмет көрсететін бірнеше мекеме тоғысқан ғимарат – Ойыл селолық округінің ішінен, яғни барлығына қолжетімді жерде медиация кабинеті ашылды.

Қазақстан Республикасының Медиация туралы заңымен қабылданғанына он жылдан асты. Медиация - жанжалдарды соттың қатысуынсыз

шешу формасы. Ал Медиатор - дауласушы тараптарды басқарушы, ол қорғаушы немесе заңгер емес, тараптардың ешбірінің мүддесін қорғамайды. Ол тек дауласушы тараптарды ортақ мәмілеге келтіріп, келіссөз жүргізуші. Сондықтан, осы жаңа қоныста жұмыстарыңыз жанданып, даулар азайып, тараптар бір мәмілеге келіп, тиімді шешімін тауып, тараптар қанағаттанып шығады деп сенемі!

АБАЙЛАҢЫЗ КӨКТАЙҒАҚ!!

Көктайғақ – бұл мұздың жүргінші жолында жердің бетінде пайда болатын қалың қабаты, көшелердің жүру бөліктерінде және заттарда (ағаштар, сымдарда және т.б.) қату кезінде салқындалатылған жаңбыр және (тұман) ауа температурасы 0°С-дан минус 30°С болады. Әдетте көктайғақ қабығы қатып қалған муз бірнеше сантиметрге жеткенде байқалуы мүмкін.

Көктайғақ бұл жер бетінде түзілетін мұздың жұқа қабаты, кейін жылымық немесе жаңбыр, суыту нәтижесінде сондай-ақ дымықыл қар мен жаңбыр тамшыларының қатуынан пайда болады.

КӨКТАЙҒАҚҚА ҚАЛАЙ ДАЙЫНДАЛУ КЕРЕК?

Егер ауа-райы болжамында көктайғақ немесе көктайғақ туралы хабарлама болса, жарақат алу мүмкіндігін төмендету шараларын қабылдаңыз. Сырғанамайтын аяқ киім дайындаңыз өкшеңізге металл нөл немесе поролон бекітіңіз, ал құрғақ табанға лейкопластырь жапсырыңыз немесе оқшауланған лентаны табанына күммен ұқалайсыз (зыпара қағазбен жұмсарту).

ТАЙҒАҚ КЕЗІНДЕ ҚАЛАЙ ӘРЕКЕТ ЕТУ КЕРЕК?

Абайлап, асықпай, бар табанмен басып жүріңіз. Бұл ретте аяқты аздап босаңсытқан дұрыс, қол бос болсын. Қарт адамдарға ұшы резенкелі немесе арнайы үшкірлері бар тақтарды пайдалану ұсынылады. Егер Сіз тайғанап кетсеңіз, құлау бйіктігін төмендету үшін отырыңыз. Құлау кезінде соққыны жұмсарту үшін топтасуға тырысыңыз.

ЖАРАҚАТ АЛҒАН КЕЗДЕ ҚАНДАЙ ШАРА ҚОЛДАНУ КЕРЕК

Травмотологиялық пункт немесе шұғыл медициналық көмекке хабарласыңыз. ШҰҒЫЛ ТЕЛЕФОНДАР:

Құтқару қызметі: 112

Жедел жәрдем: 103, қонқырау шалу ақысыз.

Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі ескертеді.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Шаруа немесе фермер қожалығын немесе ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша конкурса ұсынылатын жер учаскелерінің тізімі «Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі

№	Жер учаскесінің орналасқан жері,жер учаскесінің лот №	Жер учаскесі қандай мақсатқа беріледі	Жалға беру мерзімі,жыл	Жалпы ауданы, га	Алқаптардың құрамы оның ішінде				Топырақтың сапалық сипаттамасы, орташа балл бонитет	Сумен қамтылуы
					Егістік	Жайылымдық	Шабандық	Басқа жерлер		
1	Лот 1, учаске №1 Саралжын а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	1000,0	-	1000,0	-	-	11	қамтылған
2	Лот 2, учаске №1 Саралжын а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	1000,0	-	999,9	-	0.1	11	қамтылған

ЕСКЕРТПЕ !!!

Жеке және заңды тұлға болып табылатын қатысушы конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынады:

1) конкурсқа қатысуға арналған өтінім;
2) конкурстық ұсыныс;
Конкурстық ұсыныста:

1) Бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеп-есіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, құрылатын жұмыс орындарының саны);

2) Шаруашылықішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту жөніндегі іс-шараларды орындау;

3) Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын өртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныстың беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін – қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін – бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) күәландырылады.

Конкурса қатысуға арналған өтінімдерді қабылдау және тіркеу конкурс өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң, 15 (он бес) жұмыс күн аралығында өтінім қабылдау және тіркеу жүргізіледі. Конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің орналастыру схемасымен жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында, ауылдық округтердің және аудандық жер қатынастары бөлімінің ақпарат бұрыштарынан танысуға болады.

Толық ақпаратты «Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі» ММ-нен, байланыс телефондары арқылы 8(71332) 2-18-80 алуға болады.

ИНФОРМАЦИОННОЕ ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Отдел по земельным отношениям Уилского района» объявляет о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) на земельные участки сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства.

№	Номер лота и место расположения земельного участка	Целевое назначение земельного участка	Срок аренды земем.участка	Площадь, га	Состав угодий в том числе				Средний балл бонитет	Оснащен реками, озерами
					Пашня	Пастбища	Сенокос	Другие земли		
1	Лот 1, учаске №1 Саралжинский с/о	для ведения к/х	10-49 лет	1000,0	-	1000,0	-	-	11	оснащен
2	Лот 2, учаске №1 Саралжинский с/о	для ведения к/х	10-49 лет	1000,0	-	999,9	-	0.1	11	оснащен

ПРИМЕЧАНИЕ !!!

Для участия в конкурсе являющийся физическим и юридическим лицами представляет следующие документы:

1) заявка на участие в конкурсе;

2) конкурсное предложение;

В конкурсном предложении:

1) Бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания и возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

2) разработка и освоение внутрихозяйственного землеустроительного проекта, выполнение мероприятий по развитию инфраструктуры сельского хозяйства;
3) обязательства по выполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно-обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Предложения представляют в запечатанном конверте, пронумерованных, прошитыми или скрепленными чернилами, последняя страница конкурсного предложения заверяется подписью участника – для физических лиц (или поверенного) и подписью первого руководителя (или по доверенности) и печатью (при наличии) – для юридических лиц.

Прием и регистрация заявок на участие в конкурсе производится по истечении 30 (тридцати) календарных дней со дня опубликования извещения о проведении конкурса, в течение 15 (пятнадцати) рабочих дней. С схемой размещения земельных участков, выставляемых на конкурс можно ознакомиться на интернет-ресурсе местного исполнительного органа, в информационных уголках сельских округов и районного отдела земельных отношений.

Более подробную информацию можно получить в ГУ «Отдел по земельным отношениям Уилского района» по телефону 8(71332) 2-18-80

МІНЕЗІ ЖАЙСАҢ АЗАМАТ ЕДІ

Қамшының сабындай қысқа өмірде адам баласы шыр етіп дүниеге келген уақыттан бастап, бір Алланың маңдайға жазған тағдырымен өмір сүреді. Дегенмен де... Елімізді жайлаған COVID-19 індеті талай нар тұлғалы, жайсаң мінезді азаматтардың өмірлерін мезгілсіз қиып жатқан сияқты көрінеді маған... Кеше ғана арамызда «60-қа толдым» - деп, жарқылдап жүрген ақ көңіл иман жүректі азамат Серік Шығырбайұлы Шабиков та осы дерттің шеңгелінен шыға алмай, дем-тұзы таусылды.

Мен Серікті мектеп жасынан білетінмін. Кейіннен 1983 жылдан бастап кооперация саласында қызмет етіп, өріптес дос, қызметтес ретінде жақсы таныдым. Серік мектептен кейін Совет армиясында қызмет етіп елге оралып, енді жоғарғы оқу орнына оқуға түсем деп талаптанып өкесі Шабиков Шығырбай жүрек талмасынан іссапарда жүргенде тосыннан қаза болды. Серікке семьяда бас көтерген өзі болғандықтан, екі қарындасына, анасына қарайлап, өрі қарай оқуға мүмкіндігі болмады. Еңбекке ерте араласты. «Өкең өлсе де, өкеңді көрген өлмесін» дегендей, кезінде өкесімен қызметтес болған аға апалар **Бақыт Наурыззов, Хамит Жармұханов, Бақыт Бақтыгереев, Гұлбарам Жағыпарова, Жөніс Жақасова,Тайжан Шаханов, Нұрберген Мағзиев** сияқты азаматтар еңбекке тартып, төлім тәрбиелерін берді. Серік алғашқы еңбек жолын, сол кездегі аудандық тұтынушылар одағына қарасты **Қоғамдық тамақтандыру** мекемесіне автокөлік жүргізушісі болып бастады. Сол кездегі **Қоғамдық тамақтандыру** мекемесінің басшысы өкесінің замандасы **Бақыт Наурызов** болатын. Азаматтықтары жоғары, кадр тәрбиесіне мән беретін азамат, сол кездегі аудандық тұтынушылар одағының төрағасы **Х.Жармұханов** ағамыз Серікті болашағы бар тәжірибе жинақтаған саудаға сын да, мін де көп болатын. Кейіннен Серік аудандық тұтынушылар одағының төрағасы қызметінің орынбасарлығына жоғарылап, мен Жетікөл совхозы жұмысшылар кооперациясының төрағасы қызметіне тағайындалып, екеуміздің қызметтік байланысымыз өрі қарай жалғасын тапты. Кейіннен кооперация ыдырағанға дейін аудандық тұтынушылар одағына қарасты аудандық дайындық қотырының директоры болды. Өзінен жасы үлкен аға-апаларына, замандастарына жайлы мінезімен, қарапайым да, ақ көңіл адалдығымен «Ақсерік» атанды. Кооперация ыдырағаннан кейін Серік аудандық «Қазпочта» мекемесінде басшылық қызмет атқарды. Өмірінің соңына дейін аудандық қаржы бөлімінде маман болды. Осындай ешкімге зияны жоқ, ақ көңіл, жүрегінде иманы бар азаматтың 60-тан асар-аспас уақытта өмірден озады деп кім ойлаған. Өкінішті-ақ... Бірақ, тағдырға ешкімнің шарасы жоқ деген осы. Жатқан жерің жайлы, иманың жолдас болғай, Серік дос.

Қонақбай СӨТТІБАЕВ,

қызметтес әріптесі.



ЕСКЕ АЛУ

Ойыл селосы
Дулат Нәбиұлы Наубетов

Аяулы жар, ардақты өке, қимас досымыз **Дулат Нәбиұлы Наубетовтың** ортамыздан мәңгілікке кеткеніне де қырық күн болыпты. Қимас аяулы досымыз Дулаттың жарқын бейнесін қимаймыз, еске аламыз, ұмытпаймыз!

Кешегі күннен жүйрік жоқ, қырқы да келіп қалыпты.

Қырық күн үлкен жүрек тоқтағалы, Біз оны көп айтармыз жоқтап өлі, — деп бір кезде ұлы тұлғамыздан айрылғанда Өбділда ақын жырлағандай, Дулаттың артында аяулы жары Ажар, ізін жалғастырап ұлдары қалды. Сондықтан біз досымызды ұмытпаймыз, ұмыта да алмаймыз.

Ұзақ уақыт бойы біз ол туралы жарқын естеліктерді жадымызда сақтаймыз. Осыдан 35 жыл бұрын Ажармен отау құрып, отбасында 4 ұлды болып, ұлдарын үйлендіріп, асқаралы 60 жасын тойлап, өмірдің ең асқар шыңына келген кезде сұм ажал ортамыздан аяулы досымызды алып кетті. Бірде құрдас, бірде дос, бірде қайынаға, бірде күйеу бала болып өзілімізбен, ойын-күлкіміз жарасқан сыйласқан досымыз ортамызда енді жоқ.

Бақи бол, имандының бірі сенсің. Жатқан жерің жарық болсын! Топырағың торқа болсын! Шапағатың нұрға толсын!

Достарың: Асқар-Айуал, Андрей-Мауыт, Манар, Люба, Үміт, Қонақбай-Ақмарал, Абзал-Назира, Асқар-Тұрсын, Серік-Шолпан, Алтынбек-Гұлжанат, Бөкенбай-Айжан.

Кенғанов Қайсар Алтайұлы
(1979.12.02-2020.08.21)

Амал бар ма күдіретті күшті құдайға,
Не істерін Алла бізден Сұрайма?
Құлыным ақ жүзінді сағынамыз,
Алланың жазғанына бағынамыз.

Бауырлардың әрдайым тірегі едің,
Тірі болсаң 41-ге келер едің.
Болмасаңда бүгін біздің жанымызда,
Айтқан сөзің, төтті күлкің жадымызда.

Мәңгілік кім бар дейсің бұл жалғанда,
Ортада жүрсең өзің арман бар ма?
Қапияда кеттің-ау «қош» дей алмай,
Ата-ана, туған-туыс, бауырларға.

Мейіріммен жымғаған ақ жүзінді,
Еске алып, мәңгілікке сағынамыз.
Жатқан жерің құлыным, жайлы болып,
Сөуте шашып тұрсыншы қабіріңде.

Пейіштен берсін дейміз саған орын,
Нәсіп етсін көруге жұмақ төрін.
Бақыл бол, ардақты құлыным-ай,
Сақталар жерлертерде сенің орнын.

Алла салды басымызға сынақты,
Жиі еске алсын депте жылатты.
Қайғысы мен қызығы көп өмір-ай,
Бірде көтеріп, бірде жығып құлатты.

Кетпейді құлақтан еш, бөлек үнің,
Өттең-ай! кім біледі жөнелерің,
Алладан медет тілеп, дұға етеміз,
Ата-анаң, нағашы жұрт бауырларың.
Еске алушылар: ата-анасы, бауырлары, нағашылары.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1546 таба. Тапсырыс №1222
Көлемі 1 баспа дана, индексі 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің
баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400
телефонына хабарласуға болады.

АСЛАНБЕК - ОЙЫЛДЫҢ «БАЛА БАРЫСЫ»

БОЗ КІЛЕМНІҢ ШАҢЫН ҚАҒАТЫН ҚАЗАҚ КҮРЕСІ, БҮГІНГІ ТАҢДА ЖОҒАРЫ ҚАРҚЫНМЕН ДАМЫП КЕЛЕДІ. ЖАСТАРДЫҢ БҮЛ СПОРТ ТҮРІНЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ КҮННЕН-КҮНГЕ АРТУДА. ӨТКЕН АПТАДА ОЙЫЛ БАЛАЛАР-ЖАСӨСПІРІМДЕР СПОРТ МЕКТЕБІНІҢ ДЕНЕ ШЫҒЫҚТЫРУ-САУЫҚТЫРУ КЕШЕНІНДЕ ПАЛУАН ҚАЖЫМҰҚАН МҰҢАЙПАСУЛЫНЫҢ 150 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ 1971 ЖЫЛЫ ТУҒАН АУДАН АЗАМАТТАРЫНЫҢ ЖҮЛДЕСІ ҮШІН ҚАЗАҚ КҮРЕСІНЕН АУДАНДЫҚ «БАЛА БАРЫС» ТУРНИРІ ӨТТІ.



Жарыстың ашылу салтанатында «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Еркін Жиеналин сөз сөйледі. Ол өз сөзінде Елбасымыз алға қойған 30 пайызға жуық қазақстандықтардың бұқаралық спортпен шұғылданыу туралы тапсырмасының мән-маңызына тоқталып, қатысушыларға сөзтілік тіледі. Тұңғыш рет өткізіліп отырған додаға аудандық мәслихат хатшысы Сәкен Займолдин, Ойыл аудандық ішкі саясат мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Нұрлан Атағалиев сынды аудан басшылары, спорт ардагерлері қатысып, спортшыларға сөзтілік тілеп, қазақ күресін дамуына үлес қосып жүрген азаматтарға алғыстарын жеткізді. Сонымен қатар, ашылу салтанатында жаңадан қадам басқан себидің тұсауы кесіліп, ұлттың дәстүрі дәріптелді. Алдымен жас барыстар жеребе тартып, боз кілемдегі шалт қимылын бақылайтын төрешімен таныстырылып, доданың алғашқы легі тартысқа түсті.

Аталмыш турнирге Ойыл, Қайыңды, Ақшатау, Қарай, Амангелді ауылдарынан 25 жас палуан боз кілемде күш сынасты. Осыған дейін қазақ күресінен аудандық, облыстық жарыс-

тарға қатысып, үздіктер қатарынан көрініп жүрген жас палуандар доданы қыздыра түсті. Белдесулер қызықты да тартысты өтіп, жас палуандар өздерінің бақтарын сынады. Қазақ күресіне деген құлшыныс жарысқа қатысушы әр баланың жанарында байқалып-ақ тұрды. Өйткені, өрбірі жеңіске құштарлық танытып, намысқа тырысып басты.

Нәтижесінде ойылдық барыстар алдыңғы қатарлардан көрінді. I орынды Асланбек Жеңісұлы еншілесе, II орын Ерасыл Қайсарұлына бұйырды. III орынға Нұрәулет Жолболдыұлы қол жеткізсе, IV орынды қарайлық Әлішер Серікқали иемденді. Жарыс барысында жеңімпаздар мен жүлдегерлер осы жарысқа арнайылап жасалған медальдармен және қаржылай сыйлықтармен марапатталды. Турнир соңы спорт мектебінде 1971 жылғы демеушілер арасында шағын футболдан жолдастық кездесумен жалғасты.

Р.С.
Турнирдің өткізілуіне 1971 жылғы туған азаматтар қаржылай демеушілік көрсетті.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл селосы.

ШИҚҰДЫҚҚА ТҰЩЫ СУ БЕРІЛДІ



Саралжын ауылдық округіне қарасты бұл ауылдың аты Шықұдық болғанымен тұрғындар осы күнге дейін кермек су тұтынып келген болатын. Осы мәселе ауыл тұрғындарының өтініші бойынша «Nur Otan» партиясы сайлауалды бағдарламасын орындаудың Ойыл аудандық Жол картасына енгізіліп, жуырда блок-модульды су тазартқыш қондырғысы орнатылды.

257 тұрғыны бар шағын ауылды

таза ауыз сумен қамтамасыз ету үшін жергілікті бюджеттен 9452 мың теңге бөлінген еді. Жуырда «Ақтөбе Мұнай Логистик» ЖШС-і блок –модульды орнатып, таза суды ел игілігіне ұсынды.

Бүгінгі күні Ойыл ауданы халқының 97 пайызы таза ауыз сумен қамтылып отыр. Алдағы күндері осы округтің Қоңырат ауылы мен Көптоғай ауылдық округінің Қарасу ауылдарында да осындай кешендер іске қосылады.

ОБЛЫСТЫҚ ТУРНИР ТҰҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ КҮНІНЕ АРНАЛДЫ



Өткен аптаның соңында Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебінде 1 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні мерекесіне және әдебиеттанушы-ғалым, Қазақстан ғылыми академиясының корреспондент-мүшесі, профессор Әнуар Дербісәлинді еске алу құрметіне арналған тоғызқұмалақтан 2008-2009, 2010-2011, 2012 жылғы туылған және одан төмен жастағы жасөспірімдер мен қыздар арасында облыстық ашық турнир өткізілді. Турнирдің ашылу салтанатына ардагерлер мен қоғамдық ұйымдардың басшылары мен өкілдері қатысты. Атал-

мыш шараға Ақтөбе облысынан 9 команда, оның ішінде Ақтөбе қаласы, Байғанин, Ырғыз, Ойыл аудандарынан 100 оқушы қатысып, бақтарын сынады. ҚР чемпионатының жеңімпаздары мен жүлдегерлері және спорт шеберлігінен үміткер спортшылар қатынасқан облыстық турнир 3 күнге созылды. Облыстық турнирдің жеңімпаздары мен жүлдегерлері Әнуар Дербісәлині ұрпақтарының демеушілігімен мақтау қағаздары, медальдары және естелік сыйлықтармен марапатталды. Дәстүрге айналған облыстық турнир алда өлі де өз жалғасын табатын болады.

ЖҰМАДАҒЫ ЖҮЗ НАН

Игі істер жасау - әлем білетіндей көмек көрсету емес. Кішкене ғана көзге білінбес жақсылық жасаудың өзі құрметті іс. Өткен аптада күндердің жастар ресурстық орталығы және «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалы жанындағы «Jas Otan» жастар қанатымен бірлесі отырып, ел төуелсіздігінің 30 жылдығына - «30 игі іс» акциясы аясында аудан тұрғындарына 100 нанды тегін таратты.

Мұндағы орталықтың мақсаты - жастарға үлгі-өнеге көрсету, қайырымдылықтың қайыры бар екенін ұқтыру, адамдарға жылылық сыйлау.

Игі іске ауданымыздың жас кәсіпкері Алмағұл Мырзағалиева, Райымбек Шынбаев және ауданның жас депутаттары Аңсаған Ғазез, Нұрсұлтан Дәулетқалиевтар қаржылай көмек қолын созды. Қашанда ел десе, қайырымдылық десе жүгіріп келетін жастар орталықтың ойымен келісіп, іс-шараға атсалысты. Барша көмек берген жас кәсіпкерлерге, ауданымыздың жас депутаттарына алғыс айта отыра, осындай кең пейілді, біреуге болсын деп тұратын жастарымыз көп болсын демекпіз. Осындай қайырымдылық акциялары жалпы аудан көлемінде алдағы уақыттарда жалғасын таппақ.

ТАНЫМДЫҚ КЕЗДЕСУ АРХЕОЛОГИЯҒА АРНАЛДЫ

Өткен аптада Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейі кезекті тарихи-танымдық шарасын өткізді. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Ойыл музейінің алғашқы археологиялық қазба жұмысы» тақырыбында ұйымдастырылған кездесуге білім бөлімінің әдіскері, мектеп мұғалімдері мен оқушылар қатысты. Шараның тізгінін ұстаған музейдің ғылыми қызметкері Дулат Исабәев жас археологтардың облыс аумағында жүргізген зерттеу жұмыстарын кеңінен түсіндіріп өтті. Археология саласына қызығушылық танытып, үлкен жетістіктерге жетіп жүрген жас археологтар өздерінің жобаларын таныстырды. Ойыл ауданының тас дәуірі мен орта ғасыр кезеңдеріне жататын «Қаздырал тұрағы», ауданнан 11 км қашықтықта орналасқан «Құмсай» табиғатымен т.б археологиялық қазба жұмыстары кезіндегі жинаған теориялық білімдерімен бөлісті.

Кездесуге шақырылған қонақтарға жас археологтердің жобалары жинақталған көрме ұсынылды.

«Әрбір оқушы, жастар өзінің бола-

шағында туған жерінің мәдени ескерткіштерін, елінің тарихын білсе деген мақсатта құрылған болатын. Бұл археология үйірмесін Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназия директоры Роза Сәуірбайқызымен ақылдасып, 2016 жылы желтоқсан айында құрылды. 5 жыл бойы біршама облыстық, республикалық байқауларда жетістіктерге жетті. Мақсатымыз - Ойыл өңірінің тарихи ескерткіштерін, табиғатын, тарихын, ұлы тұлғаларын таныту болды, ол мақсатымыз орындалды. Алдағы уақытта да орындала бермек», - деп музей басшысы Балқия Рысбаева мақсатына тоқталып өтті.

Шара соңында музей басшысы Балқия Рысбаева ескерткіштердің зерттелуіне өз үлестерін қосып жүрген жас археологтар мен археология ғылымына оқушылардың құлшынысын арттырып жүрген «Жас археолог» үйірмесінің жетекшісі Медеет Құлмұқановқа алғыс хат пен сый-сыяпатын табыстап, кешті қорытындылады.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл селосы.

ТӘУЕЛСІЗДІК ҚҰРДАСТАРЫ

ТӘУЕЛСІЗДІК КӨНІЛІМІЗГЕ ҚУАНЫШ СЫЙЛАҒАЛЫ, МІНЕ 30 ЖЫЛ. САН ҒАСЫРДАН БЕРІ АТА-БАБАМЫЗДЫҢ АҢСАҒАН АРМАНЫ, ҮМІТІ МЕН СЕНІМІ. БҮГІНДЕ ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ҚҰРДАСТАРЫ ДА 30 ЖАСҚА КЕЛДІ, ӘР САЛАНЫҢ ТІЗГІНІН ҰСТАҒАН ЕГЕМЕН ЕЛДІҢ ЖАЛЫНДЫ ЖАСТАРЫ. ЕЛДІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСЫП, КӨПКЕ ҮЛГІ БОЛЫП ЖҮРГЕН ТӘУЕЛСІЗДІК ҚҰРДАСТАРЫНЫҢ БІРСҰЯРЫАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ SAҚTAУ САЛАСЫНДА ҚЫЗМЕТ АТҚАРЫП, ХАЛҚЫНЫҢ АЛҒЫСЫНА БӨЛЕНІП ЖҮР. ОСЫ ОРАЙДА, ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АУРУХАНАСЫНДА ХАЛЫҚ САУЛЫҒЫ ҮШІН ЕҢБЕК ЕТІП ЖҮРГЕН ТӘУЕЛСІЗДІК ҚҰРДАСТАРЫ ТУРАЛЫ АЙТЫП ӨТПЕКПІЗ.

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ

Даулет САЛИН,
Ойыл аудандық орталық
ауруханасының хирург дәрігері.



«Үлкен құрмет пен зор жауапкершілік»

Дәулет Салин 1991 жылы Ақтөбе облысы, Шапқар ауданында дүниеге келген. М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университетін аяқтаған. Қазіргі таңда Ойыл аудандық ауруханасында жалпы хирург дәрігері болып жұмыс жасайды. Өз саласында жас болса да, ауданның денсаулық сақтау саласында қосқан үлесі жетерлік.

«Тәуелсіздіктің құрдасы болу мен үшін үлкен құрмет пен зор жауапкершілік. Тәуелсіздік, ең алдымен, маған лайықты өмір сүруге, сапалы білім алуға, тәжірибе жинауға және өз ісімің білікті маманы болуға мүмкіндік берді. Бүгінде денсаулық сақтау саласында жұмыс істеймін. Хирург мамандығы - бұл иелікті және жауапты мамандық. Хирургтың негізгі міндеті - нақты диагноз қою, аурудың себептерін анықтау, тікелей отық жасау, және өрине, азымын толық қалпына келтіруге көмек көрсету.

Сондықтан мен тек дәрігер ғана емес, өз ісінің жоғары кәсіби маманы болуға тырысамын, егер менің жұмысым мен еңбегім адамдарға көмегін тигізсе, маған бұл жеткілікті. Менің басты міндетім - халқыма адал қызмет ету, мемлекет пен қоғам арасындағы қарым-қатынасты нығайту, халқымыз алғысын алу. Білімдіміз, күш-жігерімді, бар тәжірибемді Отанымызды көркейтуге, әулетімізге жұмсағым деймін.

Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай. Өркениет көшіне ілескен халқымызға әулетім мен көркею тілгімін. Көк байрағы желбіреген, бәйбішедей абыройлы да айбынды, беделді де берекелі, ынтымағы мен бірлігі жарасқан еліміздің тәуелсіздігі баянды болғай. Сіздерді Республикамыздың әр азаматы үшін айтулы - Тәуелсіздік күнімен құттықтаймын! Еліміздің жалынды жастары бастарын бәйгеге тігіп, бодандық құрсауынан шығуға ұмтылаған қыршын ерліктері бәйбіше тәуелсіз еліміздің жарқын істерімен жалғасын табады».

Тұрсынхан ЖАЙЫҚБАЕВА,
Ойыл аудандық ауруханасының
акушер-гинеколог дәрігері.



«Тәуелсіздік құрдасымын деп мақтанамын»

Тұрсынхан Жайықбаева 1991 жылы Ойыл ауданында дүниеге келген. 2008 жылы Ақтөбе Медициналық академиясына түскен. 2013 жылы акушерлік және гинекология интернатурасын, 2015 жылы акушерлік және гинекология резидентурасын аяқтаған. 2018 жылдан бастап Ойыл аудандық ауруханасында акушер-гинеколог дәрігері болып қызмет атқарады. Тәуелсіздіктің құрдасы бала кезінен ақ халат киіп, денсаулық сақтау саласында еңбек етуді армандаған.

«Тәуелсіздік мен үшін киелі ұғым. Былп Тәуелсіздігімізге 30 жыл толып отыр. Еліміз тәуелсіздік алған күні дүние есігін ашқаным, егемендігімізбен тұспа-тұс келгеніне қуанамын. Ынтымақты ұран, татулықты түп еткен бейбіт халқымыз осы уақыт аралығында көптесен жетістіктерге жетті. Ендігі кезекте еліміздің көркейіп, дамуы біздің, яғни жастардың қолында.

Менің мамандығым әлдеқайда көп адамға көмек көрсету, қол ұшын созуды көздейді. Адамнан адам шығу оңай емес, бұл өте маңызды әрі қауіпті сәт. Өз жұмысымыз сүйіспеншілікпен атқаруға дайымын.

Тәуелсіздік құрдасы егемен елдің ауасымен тыныстап, еркін өскен өрені Тәуелсіздік деген тәтті ұғымның қадірін біз жақсы түсінеміз. Маған тағдыр мемлекетіміздің азаматтық алған жылы жарық дүние есігін ашуды бұйыртыпты. Мен мың мақтан епемін. Ендігі үлкен істер біздің еншімізге тиетіндігін білемін. Соған өзіндік үлес қосу - басты мақсатым. Қазір әр қадамымыз естеп беріп, айналамыз ойлана қарайтын болдым. Барлық күш-қуатымыз Отанымызды көркейтуге, әулетімізге жұмсағым деймін. Келешекке қойған арман-мақсаттарым көп. Барша Қазақстандықтарды тәуелсіздік күнімен құттықтаймын. Еліміз тыныш, жұртымыз аман болсын!»

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл селосы.

ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ЖИЫНЫ АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫСТЫ ПЫСЫҚТАДЫ

ӨТКЕН СЕЙСЕНБІДЕ АУДАНЫМЫЗДА ТАҢ ЕРТЕМЕН ҮШ ЖЫЛДА БІР РЕТ ӨТКІЗІЛЕТІН КЕШЕНДІ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ЖИЫНЫ БАСТАЛДЫ. АЙТУЛЫ ШАРАҒА АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСТЫҒЫ, ПОДПОЛКОВНИК НҰРЛЫБЕК АЙЖАРЫҚОВ АРНАЙЫ КЕЛДІ. СОНДАЙ-АҚ АУДАН ӘКІМДІГІНІҢ МӘЖІЛІС ЗАЛЫНДА ӨТКЕН ЖИЫНҒА АУДАНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІ ҚҰРЫЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫ МЕН АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ МҰРАТБАЙ АЙДАРБАЕВ ҚАТЫСТЫ. ОНДА, АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС БАСҚАРМАСЫНЫҢ АҒА ОФИЦЕРІ, АҒА ЛЕЙТЕНАНТ ЖАНБОЛАТ ТӨЛЕПБЕРГЕНОВ АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІ ҚҰРЫЛҒАН МЕКЕМЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ОРЫН АЛҒАН КЕЗДЕ АТҚАРЫЛУҒА ТИІС ІС-ШАРАЛАР БОЙЫНША ДӘРІС БЕРДІ.



Кешенді оқу-жаттығу шарасы сол күні түстен кейін «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығында жалғасты. Мұнда ауданның білім беру ұйымдарының директорлары мен алғашқы әскери дайындық пенін мұғалімдері бас қосты. Азаматтық қорғау қызметтерінің, эвакуациялық қабылдау комиссиясының құжаттамалары зерделенді. Сондай-ақ Азаматтық қорғаныс басқармасының аға офицері, аға лейтенант Ислам Абдулхақов төтенше жағдай кезінде, әрине бетін аулақ, соғыс болған жағдайда халықты эвакуациялау тәсілдеріне тоқталды. Айтулы шара әрі қарай аудандық мәдениет үйінде Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясы төтенше жағдай кезінде адамдар мен үй жануарларын қауіпсіз аймаққа көшіру, қабылдау және орналастыру бойынша тыңғылықты тәжірибесін көрсетті. Онда орналастыру пункттерін ұйымдастырып, көшірілген халықты азық-түлікпен, алғашқы қажетті заттармен және жылы киіммен қамтамасыз ету іс жүзінде жүзеге асты.

Одан кейін Ақтөбе-Шұбарқұдық-Ойыл тас жолының тоғысқан жеріндегі алаңға арнайы техникалар мен құтқарушы топтар шоғырланды. Ақтөбе облысы бойынша төтенше жағдайлар департаментінің азаматтық қорғаныс басқармасының бастығы, подполковник Нұрлыбек Айжарықов төтенше жағдайларға өртек дайын болу керектігін айтып, құтқарушы топтардың дайындығын тексерді.

Біздің ауданда барлығы 20 қабылдау пункті бар. Эвакуациялық қабылдау пункттері азаматтық қорғаныс



құрылымдарымен тығыз байланыста жұмыс жасайды. Көшірілетін адамдарды жауапты көлік қызметі қабылдау пункттеріне жеткізілуін ұйымдастырады. Автокөліктер жолдар бойынша қажеттілігіне сәйкес бекітілген. Сонымен қатар ауданда жеке құрамында 50 адам және 6 техникасы бар шұғыл ден қою тобы мен жеке құрамында 10 адам, 2 техникасы бар жедел құтқару тобы құрылған. Сондай-ақ 13 радиациядан бейім-

делген қорғану паналары (жертөлелер) және қосалқы басқару пункті бар.

Кешенді оқу-жаттығу шаралары екінші күні соғыс жағдайында қауіптен сақтану іс-қимылдарын бақылаумен жалғасты. Мұндағы басты мақсат аудан әкімінің барлық элементтермен жылжымалы басқару пунктін өрістету болды. Осы мақсатта арнайы топ алдымен аудан әкімінің Ойыл аудандық ауруханасының жер төлесінде орналасқан қосалқы басқару пунктіне

барды. Қойманың ішінде дәрі-дәрмек сынды қосалқы басқару пунктіне қажетті барлық мүліктер сақталған. Аудандық аурухананың бас дәрігері Сәндібек Нұрбаев қоймадағы заттарды көрсетіп, кешегі жаугершілік заманда ата-бабамыз «Жау жоқ деме, жар астында» деп кеткендей, соғыс немесе төтенше жағдайларға тас-түйін дайын екенін жеткізді. Әрі қарай ақпарат және байланыс қызметі бойынша жергілікті телеарналарды ұстап қалу арқылы халықты хабардар ету элементтері көрсетілді. Сонымен қатар, тез тұрғызылатын қорғанысын баспанасының дайындығы пысықталып, «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығында аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев Ойыл аудандық эвакуациялау-қабылдау комиссиясының дайындығы мен жағдайы жайында баяндамасымен толыққанды ақпарат берді. Кешенді оқу-жаттығу шаралары түстен кейін жалғасын тауып, ауыл шаруашылығы жануарлары мен өсімдіктерін залалсыздандыруды ұйымдастыру, адамдарды жануарлардың жұқпалы ауруларынан қорғау жөніндегі іс-шараларының орындалу барысы қаралды. Изолятор, обсерватория, провизор және жұқпалы аурулар госпиталін өрістету жұмыстары талқыланып, кеңес берілді.

Кешенді оқу-жаттығу шараларының үшінші күнінде Азаматтық қорғау қызметі құрылған мемлекеттік мекемелерінің құжаттары тексеріліп, тиісті ережелерге сәйкес өзгертулер жасалды. Сондай-ақ, ескертулер де берілді. Түс өлетінде үш күндік оқу-жаттығудың іс-шаралары қорытындыланып, Ақтөбе облысы бойынша төтенше жағдайлар департаментінің азаматтық қорғаныс басқармасының бастығы, подполковник Нұрлыбек Әзбекұлы ауданға оң бағасын берді.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

